

ҚАҒИДАЛАР ЖИНАҒЫ

Операциялық регламент

Бекітілді

"Бағалы қағаздар орталық
депозитарий" АҚ Директорлар
кеңесінің шешімімен

(2018 жылғы 12 желтоқсандағы
сырттай дауыс берудің № 105 (с)
хаттамасы)

Қолданысқа енгізілді

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгерістер:

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2019 жылғы 13 желтоқсандағы сырттай дауыс берудің № 94 (с) хаттамасы);
- 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	4
1-бап.	Ұғымдар, терминдер, шартты (қысқартылған) белгілер, сөздік түсіндірмелер	4
2-бап.	Операциялық күннің басталу және аяқталу уақыты	5
3-бап.	Демалыс және мереке күндері операциялық күнді ашу	5
4-бап.	Операциялық құжаттарды қабылдау үшін операциялық күнді ұзарту	6
5-бап.	Операциялық құжаттарды беру үшін операциялық күнді ұзарту	7
6-бап.	Әдеттен тыс ахуалдарды тіркеу	7
7-бап.	Өтініш	7
8-бап.	Орталық депозитарийдің қызметін төлеу	8
9-бап.	Қорытынды ережелер	8

Осы Регламент Орталық депозитарийдің қағидалар жинағына (бұдан әрі – Қағидалар жинағы) сәйкес қызметті жүзеге асырған кезде "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі-Орталық депозитарий) операциялық күнінің параметрлерін анықтайды.

Осы Регламент Қағидалар жинағының құрамдас және ажырамас бөлігі болып табылады.

1-бап. Ұғымдар, терминдер, шартты (қысқартылған) белгілер, сөздік түсіндірмелер

1. Осы Регламентте Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Орталық депозитарийдің "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ қағидалар жинағына кіріспе" деген ішкі құжатымен анықталған ұғымдар, терминдер, шартты (қысқартылған) ұғымдар пайдаланылады.
2. Осы Қағидаларда пайдаланылған өзге шартты (қысқартылған) белгілер келесіні білдіреді:

"Орталық депозитарий клиентінің өтініші" немесе **"өтініш"** – демалыс немесе мереке күнінде операциялық күнді ашу туралы не операциялық күнді ұзарту туралы Орталық депозитарий клиентінің өтініші;

"штаттық емес жағдай" – жиынтығында келесі белгілерге ие болатын жағдай:

бұл жағдай Орталық депозитарий жұмысындағы техникалық іркіліспен және/немесе есепке алу ұйымының немесе қызмет көрсететін банктің жұмысындағы іркіліспен және/немесе қандай да бір сыртқы (бөгде) төлем жүйелерінің, ақпаратты (хабарламаларды) беру жүйелерінің Қағидалар жинағына сәйкес қызметті жүзеге асырған кезде Орталық депозитарий пайдаланатын байланыс жүйесінің жұмысындағы іркіліспен байланысты;

осы жағдайда Орталық депозитарий әдеттегі жағдайда, яғни аталған іркілістер болмаған кезде қамтамасыз етілетін іс-әрекеттердің орындалуының толықтығы, жылдамдығы және сапасы сияқты қамтамасыз етіп, операциялық құжаттарға сәйкес операциялық құжаттарды қабылдауға және/немесе іс-әрекеттерді қабылдауға қабілетті емес.

2-бап. Операциялық күннің басталу және аяқталу уақыты

1. Операциялық күннің басталу уақыты Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен (шешімдерімен) анықталады.

Операциялық күнді ашу дегеніміз осы уақыттан бастап Орталық депозитарий өзінің клиенттерінен операциялық құжаттарды қабылдауды және операциялық құжаттарды беруді бастайды (осы баптың 3-тармағымен белгіленгендерді қоспағанда және осы Регламенттің 3-бабымен көзделген ерекшеліктерді ескергенде).

(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 13 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).

2. Орталық депозитарий жүзеге асыратын қызмет түрлері бойынша жіктелген және Орталық депозитарийдің қабылдайтын немесе беретін операциялық құжаттарының түрлері бойынша Орталық депозитарийдің операциялық күні өзінің клиенттерінен операциялық құжаттарды қабылдау үшін және өзінің клиенттеріне операциялық құжаттарды беру үшін түрлі уақытта аяқталады (осы баптың 3-тармағымен белгіленгендерді қоспағанда және осы Регламенттің 3–5-баптарымен көзделген ерекшеліктерді ескеріп)

Операциялық күннің аяқталу уақыты Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен (шешімдерімен) анықталады.

3. Орталық депозитарий өзінің клиенттеріне осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген операциялық күннің шегінен тыс операциялық құжаттарды беруі мүмкін.

Осындай беру электронды түрде Орталық депозитарийдің клиенттеріне беретін операциялық құжаттарға ғана қатысты қолданылады.

Операциялық күннің шегінен тыс өзінің клиенттеріне Орталық депозитарий беретін операциялық құжаттардың тізбесі, осындай операциялық құжаттарды берудің басталу және аяқталу уақыты Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен (шешімдерімен) анықталады.

3-бап. Демалыс және мереке күндері операциялық күнді ашу

1. Операциялық күн демалыс немесе мереке күні ашық болуы мүмкін (осы баптың 4-тармағымен белгіленген шектеулерді ескеріп).
2. Орталық депозитарий клиентінің өтінішін алумен байланысты немесе өндірістік қажеттіліктің туындауымен байланысты қабылдаған Орталық депозитарий Басқармасының шешімі негізінде операциялық күн демалыс немесе мереке күні ашылады.
3. Осы бапқа сәйкес ашылатын операциялық күннің басталу уақыты және аяқталу уақыты осы операциялық күнді ашу туралы Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен анықталады.

4. Демалыс немесе мереке күні ашылған операциялық күн ішінде Орталық депозитарий осы операциялық күнді ашу туралы Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен анықталған операциялық құжаттарды ғана өзінің клиенттерінен қабылдайды және операциялық құжаттарды өзінің клиенттеріне береді.

Бұдан өзге, демалыс немесе мереке күні ашылған операциялық күн ішінде Орталық депозитарий операциялық құжаттарға сәйкес іс-әрекеттерді ғана орындайды, оларды орындау үшін есепке алу ұйымдарының және қызмет көрсететін банктердің қызметін талап етпейді, сондай-ақ сыртқы (бөгде) төлем жүйелерін, ақпаратты (хабарламаларды) беру жүйесін, байланыс жүйесін пайдалануды талап етпейді.

4-бап. Операциялық құжаттарды қабылдау үшін операциялық күнді ұзарту

1. Операциялық күн Орталық депозитарийдің операциялық құжаттарды өзінің клиенттерінен қабылдау үшін ұзартылуы мүмкін (осы баптың 4-тармағымен белгіленген шектеулерді ескеріп).
2. Операциялық күн осындай ұзарту талап ететін әдетегіден тыс жағдайдың туындауымен байланысты немесе Орталық депозитарий клиентінің өтінішін алумен байланысты қабылдаған Орталық депозитарий Басқармасының кез келген мүшесінің шешімі (соның ішінде ауызша) негізінде операциялық құжаттарды қабылдау үшін ұзартылады.
3. Осы бапқа сәйкес ұзартылатын операциялық күннің аяқталу уақыты осы операциялық күнді ұзарту туралы Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен анықталады.
4. Операциялық құжаттарды қабылдау үшін операциялық күн ұзартылатын уақыт аралығы ішінде Орталық депозитарий өзінің клиенттерінен осы операциялық күнді ұзарту туралы Орталық депозитарий Басқармасы мүшесінің шешімімен анықталған операциялық құжаттарды ғана қабылдайды (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 13 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді*).
5. Орталық депозитарий пайдаланатын электронды құжат айналымы жүйесі арқылы немесе "Жеке кабинет" жүйесі арқылы тиісінше жазбаша хабарламаны жөнелту арқылы операциялық құжаттарды қабылдау үшін операциялық күнді ұзарту туралы Орталық депозитарий өзінің клиенттеріне хабарлайды.

**5-бап. Операциялық құжаттарды беру үшін
операциялық күнді ұзарту**

1. Операциялық күн Орталық депозитарийдің операциялық құжаттарды өзінің клиенттеріне беру үшін ұзартылуы мүмкін.
2. Операциялық күн осындай ұзартудың ұзақтығымен теңдей осы Регламенттің 4-бабына сәйкес операциялық күнді ұзартумен байланысты немесе осындай ұзартуды талап ететін әдеттегіден тыс жағдайдың туындауымен байланысты қабылданған Орталық депозитарий Басқармасының кез келген мүшесінің (соның ішінде ауызша) шешімдері негізінде операциялық құжаттарды қабылдау үшін ұзартылады.
3. Осы бапқа сәйкес ұзартылатын операциялық күннің аяқталу уақыты осы операциялық күнді ұзарту туралы Орталық депозитарий Басқармасы мүшесінің шешімімен анықталады.

6-бап. Әдеттен тыс ахуалдарды тіркеу

1. Орталық депозитарий Басқармасының мүшелері операциялық күндерді ұзарту туралы шешім қабылдаған әдеттен тыс ахуалдардың туындауымен байланысты осы баптың 2-тармағымен анықталған тәртіппен Орталық депозитарийдің құжаттарында көрсетілуге жатады.
2. Әдеттен тыс ахуалдардың туындауы және оның тоқтау фактілері Орталық депозитарий Президентінің атына немесе оны ауыстыратын тұлғаның атына жасалған және Орталық депозитарийдің құжат айналымы мәселелерін реттейтін Орталық депозитарийдің ішкі құжатымен белгіленген тәртіппен тіркелген Орталық депозитарий құрылымдық бөлімшелерінің қызметтік жазбаларымен тіркеледі.

7-бап. Өтініш

1. Орталық депозитарий клиентінің өтініші Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген нысан бойынша жасалады.
Орталық депозитарий өтініш нысанын өзінің интернет-сайтында жариялайды.
2. Өтінішті беруге ниет еткен Орталық депозитарийдің клиенті оны Орталық депозитарий өтінішті алатындай әдіспен және мерзімде Орталық депозитарийге беруі тиіс:
 - 1) өтінішке сәйкес операциялық күнді ашу тиіс демалыс немесе мереке күніне дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей;
 - 2) өтінішке сәйкес операциялық күн ұзартылуы тиіс күннің Алматы уақытымен 17.30 кешіктірмей.

3. Орталық депозитарийдің өзінің клиентінен өтінішті қабылдауы Орталық депозитарийге өтінішке сәйкес операциялық күнді ашудың не ұзартудың мәнделс міндетін жүктемейді.
4. Орталық депозитарий өтініш берген өзінің клиентіне мынадай кез келген негіздемелердің бірі бойынша өтінішке сәйкес операциялық күнді ашудан не ұзартудан бас тартады:
 - 1) осы Регламенттің 3-бабының 4-тармағымен белгіленген шектеулерді бұзу;
 - 2) осы Регламенттің 4-бабының 4-тармағымен белгіленген шектеулерді бұзу;
 - 3) Орталық депозитарийде демалыс немесе мереке күні операциялық күнді ашу не операциялық күнді ұзарту мүмкіндігінің болмауы (кадрлық, техникалық, өзге мүмкіндік).
5. Орталық депозитарий өтініш берген өзінің клиентін Орталық депозитарийге қолжетімді кез келген әдіспен өтінішке сәйкес операциялық күнді ашудан не ұзартудан бас тартқаны туралы хабарлайды.

8-бап. Орталық депозитарийдің қызметін төлеу

Өтінішке сәйкес операциялық күнді ашу не ұзарту Орталық депозитарийдің қызметі болып табылады, ол қызметке Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағына кіретін "Тарифтер мен алымдар туралы ереже" деген ішкі құжатына сәйкес төленеді.

9-бап. Қорытынды ережелер

Осы Регламенттің нормаларын қолданған кезде туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

Президент

Б.Х. Капышев